

**Мақтаарал ауданы білім бөлімінің
№1 « Саят » бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны**

**МЕҢГЕРУШІ ЖАНЫНДАҒЫ КЕҢЕС
ХАТТАМАСЫ**

2024-2025 оқу жылы

**Меңгеруші жанындағы кеңес
№1 хаттамасы**

05.09.2024ж

Қатысқандар:7
Қатыспағаны :0

Күн тәртібі:

1. 2024 -2025 жаңа оқу жылына топтардың дайындығы туралы шолу тексерудің қорытындысы.
2. Тіл мерекесі апаталығының іс-шара жоспарын бекіту.
3. «Алтын күз» мерекесінің сценарийін бекіту.
4. Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық.

Тыңдалды:

Б/б меңгеруші Налибаева А:

Балабақша топтарының жаңа оқу жылына дайындығын тексеру жұмыстары жүргізілді. тексеру жан-жақты қамтыды. тәрбиешілердің оқу қызмет құжаттары мен топтардағы арнаулы бұрыштар дайындығы т.б тексеруден өтті.

Атап айтсақ; Ортаңғы «Балапан» тобының арнаулы бұрыштарында кемшілік бір шама орын алуда. топ іші тазалығы көңілден шығады. Тәрбиешінің методикалық жоспарлары құжаттары қанағаттанарлық.

Ортаңғы «Балдырған» тобында жүргізілген тексеру көңілден шығып отыр. кемшілік те жоқ емес. Көрме құралдары аздау, бұрыштарда олқылық байқалады, бірақ қанағаттанарлық.

Ересек «Қарлығаш» тобында жүргізілген тексеруде тәрбиешілердің құжаттары мен топ іші тазалығы арнайы бұрыштар жасауы қанағаттанарлық дәрежеде. Жаңа оқу жылына дайын.

2. Келесі сөз тізгіні б/б әдіскері Р.Джунускулова:

Оқу тәрбие жұмысы ана тілінде жүргізу балабақшадан бастау алуы керектігі «тіл туралы заңда» көрсетілген.

Балабақшадан ана тілін меңгерген баланың осы тілде диалог құру оянады , мәдениетті жетіледі, сөздік қоры нақтыланып, грамматикалық дағдысы қалыптасады.

Әдеттегідей биылғы жылдың осы айында «тіл апталығын» ұйымдастыратынымыз белгілі, сондықтанда тәрбиешілерден іс-шаралар ұйымдастырылып баяндамалар оқылып ойындар мен ертеңгіліктер өткізуін

, сөйлеуді дамыту барысында білімдерін дамытып ,жаңалап отыруын талап етеміз.

Қазіргі қоғамда жастардың бойына адами құндылықтарды – мейірімділікті ,сүйіспеншілікті қайырымдылықты , әділдікті,қамқорлықты бойына сіңіріп тәбиелеуді талап етеміз.

Өз ойын білдіруші тәрбиеші А.Ережепова:

Өз тілінді құрметте. – дегендей ана тілімізді қастерлеп, «Тілім – менің тірегім» апталығын ұйымдастырып отырмыз. Менің тобым Ортаңғы «Балдаурен » тобының бүлдіршіндерінің енді пайда болып келе жатқан тілінің ана тілінде шығуына бірден бір болар себепші балабақша тәрбиешілері. Апталықта біздің топта «Аю мен Маша » ертегісіне қуыршақ театры ұйымдастырылып отыр. Кішкентай бөбектер қуыршақ театрын қызығып тамашалайды.

Ересек «Қарлығаш » тобы тәрбиешісі С.Налибаева :

Біз тәрбиешілер баланың сөйлеуін дамыту мақсатында көп ізденіс жүргізуіміз қажет. Осы тіл апталығында бала тілін дамыту мақсатында ойындар, ертеңгіліктер ұйымдастыруымыз қажет.Биыл біз «Тілім менің тірегім-соғып тұрған жүрегім » тақырыбында ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өткізгелі отырмыз.

Ересек топ «Қарлығаш» тобы тәрбиешісі С.Налибаева сөз алды:

- «Тілі бар халық – халық , тілі жоқ халық – балық» - дегендей тілімізді қастерлеп , қадірлеп , абайлап ұрпақтан- ұрпаққа аманат қылып қалдыру , аялауға үйрету біз үлкендердің еншімізде.

-Жылдағыдай , биылға «Тіл апталығында» біздің топ ана тілімізде тақпақтар мен өлеңдер айтып , мақал-мәтелдермен жаңылтпаш, жұмбақтар айтып өз өнерімізді көрсетуге дайын.

Балалар ана тілімізді құрметтеуге , отанды қорғауға , табиғатты аялауға , патриоттық сезімді – елге , жерге деген , сезінуді осындай іс-шаралардан алады.

Осы тақырыпты қорыта сөйлеген әдіскер А.Налибаева :

- Өздеріңіз айтқандай тіл апталығын өткізудің тиімділігі –зор . Балалардың ой-өрісін дамытып, тілін дұрыс , мәдениетті сөйлеуге үйрету , отансүйгіштікке тәрбиелеуге үлкен мүмкіндік береді. Іс-шараны ұйымдастыру барысында тәрбиешілер балалардың жол ерекшеліктерін ескеріп соған сай жұмыс жүргізуге ізденіп отыруы тиіс. Жоғарыда айтып көрсетілген іс – шаралар бекітілуін сұраймын.

3. Б/б меңгерушісі А.Налибаева :

Өз ойын білдіруші ән-саз жетекшісі Ж.Ақбарова:

-«Алтын күз» мерекесіне орай дайындық жүріп жатыр , сценарий түзілді. Алдын ала ата-аналарға күз мезгілінің табиғи өнімдерінен қолөнерлер жасау сайысын хабарлап қойдық.

Балабақша актовый залында концерттік бағдарлама өткелі тұр. Мерекелік ертеңгіліктерде ән де , би де болады.Күз мерекесіне арнаулы костюмдер тігіліп , балалар сол костюмді киіп өнер көрсетпек. Күз ханшайымы сияқты ертегі кейіпкерлерінің рөлін балабақша тәрбиешілері сомдамақ. Ертеңгіліктің ойдағыдай өтуіне тәрбиешілер ата –аналармен бірге атсалысуда.

Тәрбиеші Усипбаева Қ сөз алды:

-«Алтын күз» мерекесіне дайындық көріп жатырмыз. Балалар тақпақтарын жаттап жатыр. Мерекелік костюмдер ата-аналар тарапынан дайындалып басталды. Ән –саз жетекшісі Ақбарова Д өлең және би дайындығын көруде.Біз тәрбиешілер балаларды пысықтап, мерекелік ертеңгілікке дайындап өзіміз де рөлге еніп , ертегі кейіпкерлерін сомдауда дайындалып жатырмыз.

Сценарий өте қызықты ,көңілге қонымды деп ойлаймын.

Тәрбиешілер бір ауыздан сценарийді құптап , бекітілуін сұрады.

4. Б/б меңгерушісі А.Налибаева :

-Өзара ата-аналармен келісіп, ата-аналар жиналысын ұйымдастырыңыздар. Ата –аналарды балабақшаның жұмыс жоспарымен , баланың балабақшадағы күн тәртібімен , оқу жылының бағыт-бағдарымен таныстырып , ата-аналар комитетін сайлауды ұсынамын. Сол кісілермен бірге жыл бойы жұмыс істейсіздер.

Ана –аналар жиналысы күн тәртібі түзілді , осы күн тәртібіне сай сұхбатты өрбітіп, ата-анамен байланысты жыл бойынан нықтап алыңыздар.

Өз ойын білдірген әдіскер Р.Джунускулова :

-Қазіргі қоғам сауатты , білімге құштар, өр мінезді , өнерлі, иманды , пысық, ұқыпты тұлғаны тәрбиелеп өсіруді талап етеді.Мұндай тәрбие екі жақтан , яғни ата-ана және балабақшадан бастау алып , бірлесе үйлесін табады.Сол үшін тәрбиеші ата-анамен тығыз қарым қатынаста болу қажет. Ат-ана балабақшада жүргізілетін қандай да бір іс-шара болмасын білуі тиіс. Әр ата-аналар жиналысына жоспар түзіп , тыңғылықты дайындық көріңіздер . Ата-аналар жиналысын уақытылы бастаңыздар.

Шешім:

1. Топтардың жаңа оқу жылына дайындық қанағаттанарлық деп есептелсін , кемшіліктер орны толтырылуы қадағалансын.
2. Тіл мерекесіне арналған апталықтың іс-шаралары қанағаттанарлық , бекітілсін
3. «Алтын күз» , «Республика күні» мерекелері ертеңгіліктері сценарии бекітілсін.
4. Жалпы ата-аналар жиналысы кешіктірілмей өткізілсін .

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



**Меңгеруші жанындағы кеңес
№2 хаттамасы**

16.11.2024ж

Қатысқандар:7
Қатыспағаны :0

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде.
2. «Алтын күз» мерекесін , тіл апталығын талқылау.
3. Желілі-ойын құралдарының санымен сапасы, ұйымдастырылуы
Тақырыпты тексерудің қорытындысы .
4. Тәуелсіздік күні, жаңа жыл мерекесінің бағдарламасын бекіту.

Тыңдалды:

1. Өткен кеңесте талқыланған мәселелер жайында б/б меңгерушісі А.Налибаева сөз қозғады:

Өткен кеңесте балабақша топтарының жаңа оқу жылына дайындығын тексеру жұмыстары жүргізілді. Тәрбиешілердің оқу қызмет құжаттары мен топтардағы арнаулы бұрыштар дайындығы т.б тексеруден өтті. Топтардың жаңа оқу жылына дайындық қанағаттанарлық деп есептеліп, кемшіліктер орны толықтырылуда.

Ал, тіл мерекесіне арналған апталықтың іс-шаралары қанағаттанарлық, бекітілсін деп шешім шығарылды.«Алтын күз» мерекелік ертеңгілігі сценаріі бекітілсін деп шешім шығарылды.Ата-аналармен келісіп, ата-аналар жиналысы күнін белгіледік.

2.Сонымен бірге қыркүйек айында балабақшамызда тіл апталығы өтті. Ересек « Қарлығаш »тобы «Тілім менің, соғып тұрған жүрегім » тақырыбындағы апталық жоба өтті. Тәрбиеші А.Ережепова жобасына тоқталсам балалардың тіл байлығын дамытуда бейнетаспа көру, суретке қарап әңгіме құрау, тосын сәттегі ұшып келген Бақыт құсы тапсырмалары, мақалдар, жаңылтпаштар жарысы,«кім шешен» ойыны ұйымдастырылды. Көкеністер, жемістер , үлкендердің көп еңбектерімен келетінін,еңбек кезінде шыдамдылық таныту керектігін еңбекқор болу керек, күзде көп нәрсе пісіп молшылық болатынын біліп, жалпы қоғам тынысы мен тіршілігімен танысады. Балалар көңілді , көңілкүй жақсы өнер көрсетті. Бірақ кемшіліктер де болды ертеңгілік өз уақытында басталмады, балалар шаршап қалды. Әр балаға көңіл бөліп, әр нөмерге жауапгершілікпен қарауды талап етемін.

2. Балабақша меңгерушісі А.Налибаева «Желілі - рөлдік ойын құралдарының саны мен сапасын , ұйымдастырылуы» тақырыпты тексерудің қорытындысымен таныстырды :

-Сюжеттік- желілі рөлдік ойындар баланың өзі туралы білімін кеңейтіп анықтап , белсенділігін көрсетеді. Баланың тұлғалық дамуына әсер етеді. Ойын балаға әр түрлі жағдайда кездескен адамдардың рөліне енуге , қиялындағы мүмкіндіктерін байқап көруге жағдай жасайды . Балалармен бірге ойнағанда олардың тілектерін ескері керек , өз көз қарастарын білдіріп , мәселелерді шешіп, қарым-қатынас жасайға үйренеді. Рөлдік ойындарда жағымды кейіп керлерге немесе біреуге ұқсағысы келеді. Әр топта жас ерекшеліктеріне сай желілі – рөлдік ойындардың құралдардың саны мен сапасы, ұйымдастырылуы тексерілді. Жоспарланған желілі – рөлдік ойындардың құралдар саны толық.

Ортаңғы топ топта «асхана», «шаштараз», «куыршақты шомылдырайық» «қуаршатың туылған күні» рөлдік ойындар құралдар бар. Ұсыныс : «асхана» желілі – рөлдік ойынының құралдарын толықтыру, «куыршақты ұйықтатайық» ойынының кроват, төсек орын, толықтыру.

Ересек « Қарлығаш » тобында «емхана», «асхана» , құралдары бар, ойыншықтар дүкені бар. Ұсыныс : Қуыршақтарды ұйықтататын, шомылдыратын, тамақтандыратын құралдармен, « Шаштараз» құралдармен толықтырылсын.

Ортаңғы « Балдаурен » топта «дәріхана» , «дүкен» , «тігінші», «куыршақты ұйықтамыз», «шаштараз», «асхана», рөлдік ойындар құралдар бар , бірақ толық емес.

Ұсыныс : құралдар аз, сапасын жақсартып санын толықтыру қажет, әдемілігіне , тартымдылығына көңіл бөлінсін.

Ұсыныс : жаңа ойындар қосу «сән салоны» , «көкеністер» , «асхана» ойындарымен толықтыру, құралдарды көбейту.

Ересек « Қарлығаш » тобында «сылықтар дүкені» , « бағбан» , «анықтама бөлімі» , « жедел жәрдем» , « отбасы « , «емхана» , « балықшылар» , «ұшқыштар» , « кітапхана» , « жемістер мен көкеністер» желілі – рөлдік ойындары бар.

Ұсыныс құралдандың санын толықтыру кіші топтарға бөлініп ойнауға ыңғайлы , жеткілікті ету.

Ересек «Қарлығаш» тобы тәрбиешісі С.Налибаева «аспазшы» , «дәріхана», «құрылысшы» , « спортшы», «дүкенші», «шаштараз» рөлдік ойындары бар.

Ұсыныс : балалардың жас ерекшелігіне сай жаңа ойындар қосу , құралдарды толықтыру.

Ойын тәрбиешілер үшін балалардың диагностикасын жасаумен тең, себебі ойын кезінде баланың мінез- құлқы , белсенділігі , ерекшелігі

тұлғалық қарым-қатынасының сапасын байқайды, және соған ықпал етеді. Балалардың қабілеттерін дамытып , дамыған қабілеттерін түрлі әрекетте , өмірде пайдалана білуге , қолдануы маңызды. Демек, біздің атқарар жұмыстарымыз көп екен . Айтылған ұсыныстар жакапсыз қалмау керек . толықтыру жұмыстарын талап етемін деді

3. Тындалды : Балабақша сазгері Ж. Акбарова мен ересек тобының тәрбиешісі С.Налибаева «Тәуелсіздік ел тірегі» атты мерекелік ертеңгілік бағдарламасымен таныстырды: Бағдарламада мереке әнұранмен басталып , отан , тәуелсіздік, азаматтық парыз, татулық, бірлік туралы ән шумақтары , «тәуелсіздік» сөзінің неше әріптен тұратыны , әр әрпіне талдау жасап рөлге ену әр балаға берілген , және шығармашылық жұмысы жағынан суға бояу қосу арқылы еліміздің ел таңбасын шығарды. Ал, ортаңғы топ тәрбиешісі Қ.Усипбаева мен А. Налибаева балалармен тәуелсіздік мерекесіне орай патриоттық сезімге толы тақпақтар мен әндерді жаттатып, билерге дайындық көріп отырғандарын айтты. Ертеңгілікке Тазша бала келіп ұлттық ойындар ойнататынын ұйымдастырып отырғандарын айтты.

Шешім:

1. Өткен кеңестің шешімдері орындалуда
2. «Алтын Күз», «Тіл апталығы» мерекелерінің ертеңгіліктері ойдағыдай өтті, қанағаттанарлық деп есептелсін.
3. Желілі-ойын құралдарының санымен сапасы, ұйымдастырылуы жөнінде жүргізілген тақырыпты тексерудің нәтижесінде байқалған олқылықтар орны қадағаланып, толтырылсын.
4. «Тәуелсіздік Күні» , «Жаңа жыл» мерекелерінің ертеңгілігіне арналған сценарий көңілден шықты, қанағаттанарлық деп есептелсін.

Жиналыс төрайымы
Хатшы:



Р.Джунускулова
А.Налибаева

Меңгеруші жанындағы кеңес

№3 хаттамасы

14.01.2025ж

Қатысқандар:7

Қатыспағаны :0

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. Тәуелсіздік күні, жаңа жыл мерекесін талқылау
3. Сенсорлық тәрбие құралдарын толықтыру.
4. Аралық мониторинг.

Тыңдалды:

1. Б/б меңгеруші А.Налибаева сөз бастады:

Ол өз сөзін өткен кеңестің шешімдерінің орындалуынан бастады.

Өткен кеңесте талқыланған мәселелердің барлығы дерлік өз нәтижесін беруде.

Соның ішінде күн тәртібінің орындалуына тоқталсақ ,ойдағыдай өз жоспары бойынша жүргізілуде.

1. Мерекелік іс-шараларды талқылау:

Желтоқсан айы үлкен мерекелерге дайындықпен тойлаумен өтті.Тәуелсіздік күні мерекелік ертеңгілік 14-желтоқсанда өтті.Ертеңгілік сахнасының төрінде патриоттық сезімдерге толы әндер орындалып, би биленді. Балалардың патриоттық сезімге толы өлең,жырлары құлақ құрышын қандырды.

Өз ойын білдірген тәрбиеші Налибаева С

-16 –желтоқсан мерекесін ертеңгілік көпшіліктің көңілінен шықты.Әрбір айтылған тақпақ,ән тақырыпқа сай,өте орынды,дұрыс орындалуда.Жалпы, бұл мерекені балаларға түсіндіру барысында тәрбиешілер өз мақсаттарына жетті деп ойлаймын.

Патриоттық тақпақ, өлеңдер орындалып, балалар әдемі би өнерін көпшілікке ұсынды. Ертеңгілік сахнасы өте орынды, тақырыпқа сай ұйымдастырылған.

Жаңа жыл мерекелік ертеңгілігі жайында өз ойын білдіруші әдіскер Р. Джунускулова:

- Жаңа жыл мерекесін балалар өте асыға күтетіні белгілі. Ата-аналармен алдын ала келісіп, балаларға арнайы жаңа жылдық сыйлықтар ұйымдастырылды. Балалар жасыл шыршаны айналып, өлең тақпақтар мен көңілді әндерін орындады. Әртүрлі ертегі кейіпкерлерінің костюмдерін киген балақайлар би билеп, аяз атадан сыйлықтар алды.

3. Әдіскер Р. Джунускулова сөзін жалғады:

- Балалық шақ – баланың сенсорлық дамуының қарқынды кезеңі болып табылады. Бұл кезде баланың заттар мен құбылыстардың сыртқы қасиеттері мен байланыстарын, кеңістік пен уақытты бағдарлауы жетіледі. Заттармен іс-әрекетте бала оның түсін түрін, қасиеттерін біле бастайды.

Баланың сенсорлық дамуының бір-бірімен байланысты екі жағы бар: Біріншісі – заттар мен құбылыстардың әр түрлі қасиеттері жөніндегі түсініктерді меңгеруі; Екіншісі – қоршаған ортаны толықтай және жекелей қабылдауға жаңа әрекетін игеруі. Сенсорлық тәрбие баланың сезім мүшелерінің дамуына, дүниені түсініп тануына әрекет жасайды. Сенсорлық тәрбиені ойын арқылы дамыту өте қолайлы. Өйткені ойын – тәрбие құралы. Ол балалардың дүние танымын дамытудағы ең тиімді амалдардың бірі. Ойын арқылы балалар айналасындағы нәрселердің атын, болмысын ғана танып қоймайды, түр түсін, не үшін керектігін білетін болады. Сонымен бірге, ойын арқылы іс-әрекетін іске асырады. Ойын кезінде ғана балалардың өзін қоршаған ортаға қатынасы дамып, танып біледі.

Өз ойын білдірген психолог С. Налибаева:

- Мамандардың айтуынша, балалардың сенсорлық дамуы – олардың айналасындағы заттарды алдымен сыртқы қасиеттеріне, яғни заттың түсіне, пішініне, көлеміне, дәміне, иісіне қарай қабылдауы. Мектеп жасына дейінгі кезең – балалардың сезу мүшелерін дамытуға ең қолайлы шақ. Үш-төрт жастағы баланы сенсорлық тәрбиелеуде оның көру, есту, дәм сезу секілді қабілеттерін күшейту үшін оның түрлі ақпарат алуына жағдай туғызу қажет. Осылайша сезім мүшелеріне әсер ету арқылы баланың миының жұмысы жақсарады.

Өз ойын білдірген б/б меңгерушісі А. Налибаева :

Меңгеруші жанындағы кеңес

№4 хаттамасы

13.02.25ж

Қатысқандар: 7

Қатыспағаны :0

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. «8-наурыз» «Әз-наурыз» мерекелерінің бағдарламасын бекіту.
3. Заманауи техникалық құралдардың оқу тәрбие үдерісіне енгізілуі. Салыстырмалы тексерудің қорытындысы.

Б/б меңгерушісі А.Налибаева сөз сөйледі:

Тыңдалды:

Өткен кеңесте талқыланған мәселелердің барлығы өз нәтижелерін көрсетуде. Өткен кеңесте талқыланған желтоқсан айындағы мерекелік іс-шаралар ойдағыдай өткізілгені барлығымызға мәлім. Салауатты өмір салтына балаларды тәрбиелеу мақсатында жүргізілген жедел тексерудің нәтижесінде ересек «Балдаурен » тобының « Ғажайып ойындар» атты тәрбие сағатты өтті.Бұл тәрбие сағатының балаларға берер тәлім-тәрбиесі мол болды.Тісті күтіп баптаудан, таңғы жаттығу түрлеріне қызығушылықтарын арттырып , еңбекке баулу мен әсемдікке қызығушылығын арттыру дағдыларын ояту әдіс – тәсілдері қолданылған. Яғни , бұл әрекеттерге ойын арқылы қызықтырды. Тәрбие сағаты көпшіліктің көңілінен шығып отыр.

2. Көктем келіп , күн жылынып , мерекелер басталып кетті –деп сөзін жалғады б/б меңгерушісі А.Налибаева :

Көктемнің алғашқы айы Наурызда мерекелер өте көп тойланады. Алғыс айту күнімен басталған бұл айда 8-наурыз «аналар күні» мерекесі артынша созбай «ұлы әз наурыз» мерекесі келіп жетеді. Елімізде бұл мерекелер өте кеңінен тойланады,ерекше дайындық жүреді , мерекелік демалыстар беріледі. 8-наурыз «Аналар күні» мерекелік ертеңгіліктер 6-наурыз күні кіші «Балапан» және ортаңғы «Балдаурен » тобында өтеді. Ал ересек «Қарлығаш» тобында мерекелік ертеңгілік 7-наурыз күні тойланады.Осы ертеңгілік өтеді.

Өз ойын білдіруші ортаңғы «Балдаурен » тобы тәрбиешісі Усипбаева Қ

-Біздің топ балалары аналарына арнап тақпақтар жаттап, ән орындайды, би билеп , аналарына сыилық сыилайды. Ертеңгілікке көктем ханшайымы қонаққа

келіп , балалардың көңілін аулайды. Мерекелік бағдарламаны бекітсеңіз деймін.

Өз ойын білдіруші ересек топ тәрбиешісі : С.Налибаева

-Біз ортаңғы «Балдаурен » тобы 8-наурызға «Аяулы Анашым» тақырыбында ертеңгілік ұйымдастырып отырмыз. Аналар,әжелер жайында тақпақтар , әндер айтып , көңілді билер билейміз.Балалар жаттап үйреніп жатыр . Бізгеде көктем ханшайымы мен мыстан кемпір қонаққа келеді. Балалармен бірге көңіл көтереді. Балалар аналарына өздері дайындаған сыйлықтарын сыйға тартады. Сценаридің бекітілуін сұраймын.

Өз ойын білдірген ересек «Қарлығаш» тобының тәрбиешісі С.Налибаева :

-«8-наурыз Аналар күніне арнап біздің топ «Ана сен бақыттысың» тақырыбында ертеңгілік ұйымдастырып отыр. Ертеңгілік кең ауқымды түрде өтеді.Аналары жайында тақпақтар айтқан балалар ұстаздардың құрметіне де ән жолдамақ.Әр бала өз анасының қолынан ұстап тұрып «Анашым» әнін орындайды . Ақжаулықты аналар мен сұлу қыздар құрметіне әдемі билер билейді . Қысқа метражды көріністер қойылып , ұлдар мен қыздар монологтар оқиды. Көңілді ойындар ойналады. Соңынан балалар өз алақандарын сызып, қиып алып арасына жүрек бинелеп , жапсырып ашық жасаған , сол ашық хаттың қасына бір шоқ гүлін қосып өз қолдарымен әсемдеп жасаған осы сыйлықтарын аналарына силамақ. Сценариді бекітуді сұраймын.

Сөз кезегін алған б/б ән саз жетекшісі Акбарова Д былай дейді:

-Көктемнің жайма шуақ күндері мерекеге толы болмақ. Еліміздің қол жетпес байлығы тыныштық пен бейбітшілігінің арқасын да мерекелер кең ауқымда тойланбақ. Біздің бала бақша үлкен дайындық көруде . 8-наурыз мерекелік іс-шараларының бекітілуін сұраймын. Ал, «әз-наурыз» мерекелік ертеңгілікке дайындығымыз да басталып кетті. Әр – түрлі ұл билерімен наурыз тойы жайында әндерге дайындық жүріп жатыр.Мерекелік ертеңгілікке ата-аналармен келіскен түрде арнайы театр әртістерін шақырамыз деп отырмыз.Олар біздің балалармен араласқан түрде өнерлерін көрсетеді. Яғни той кең ауқымда,қазақи өту үшін ,қазақ үйі тігіліп наурыз көже таратылады, дастархан жайылып , ұлттық ойындар ойналады. Егер ауа-райы қолайлы болып тұрса ашық аспан астында , көк шөптің үстінде тойлаймыз. Сценариді бекітуін бірауыздан сұраймыз.

3. Б/б меңгерушісі А.Налибаева үшінші мәселе жөнінде сөз қозғады:

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі тұрақты өзгеріп тұрған әлемде табысты бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар жасайды. Қазіргі таңда адамзат қоғамына ғылыми жаңалықтар мен инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен оқыту саласын заман талабына сай дамыту соншалықты уақыт

сұранысын қанағаттандыратын жаңа бағдарламалармен, технологиялармен қамтамасыз ету болып отыр. Ата-ана баласын балабақшаға әкелгенде үлкен ортаға үйренеді, бейімделеді, көзі ашылады деп үміттенеді. Ол - педагогтың басты мақсатының бірі. Баланың ойлау және шығармашылық қабілетін дамыту, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, оқу, жазу, сызуға ойын арқылы үйрету басты назарында болатыны анық. Осыған байланысты еліміздің сеніп тапсыратын мәртебелі азаматты қалыптастыратын отбасы және мектепке дейінгі тәрбие мекемесінің қызметкерлері. Заман талабына сай білімді, мамандығының қырсырын игерген педагог-тәрбиешілерді даярлауда оқу-тәрбие ісін тәжірибемен үйлестіру, кәсіптік білім беруді жетілдіру, жаңа оқу жоспары, жаңа бағдарламаға сай курстар мен түрлі семинарлар өткізудің маңызы зор. Мұның өзі педагогтың жұмысына деген қызығушылығын, шығармашылық қабілетін шыңдауына, бала тәрбиесіне деген түсінігінің кеңеюіне бірден-бір себеп болып табылады. Өкінішке орай үш топта салыстырмалы тексеру қорытындысы бойынша біраз олқылықтар байқалды. Осындай келеңсіздіктерге жол берілмесін.

Өз ойын білдірген әдіскер Р. Джунускулова:

Мектепке дейінгі білім беру жүйесіне жаңашыл орта құру үшін инновациялық технологияларды енгізу болып табылады.

Жаңа технологияны қолдану төмендегідей кезеңдер арқылы іске асады:

1 кезең – оқып үйрену;

2 кезең – меңгеру;

3 кезең – тәжірибеге енгізу;

4 кезең – дамыту.

Жаңа технология мен жұмыс істеу үшін төмендегідей алғы шарттар қажет:

Оқу үрдісін интенсификациялауды жаппай қолға алу;

Тәрбиеленушілердің сабаққа қатыспаушылығын болдырмау шараларын кешенді түрде қарастыру. Оның ғылыми-әдістемелік, оқыту-әдістемелік, ұйымдастырушылық себептеріне үнемі талдау жасап, назарда ұстау;

Жаңа оқулықтарының мазмұнын зерттеп білу, білімді деңгейлеп беру технологиясын меңгеру арқылы балаларға білімді мемлекеттік стандарт деңгейінде игеруге қол жеткізу;

Оқыту үрдісін ізгілендіру мен демократияландыруды үнемі басшылыққа алу қажет.

Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары:

Балаға ізгілік тұрғысынан қарау;

Оқыту мен тәрбиенің бірлігі;

Баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту;

Баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту;

Баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту;

Әр баланың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу;

Баланың оқу үрдісін сезінуі.

Шешім:

1. Өткен кеңестің шешімдері орындалуда.
2. 8-наурыз «Аналар күні» , «әз наурыз « мерекелерінің сценарилері қанағаттанарлық деп есептеліп бекітілсін.
3. Заманауи техникалық құралдарды тәрбие үдерісіне енгізуі барысындағы салыстырмалы тексеру қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін, және кемшіліктер орны толтырылсын.



Меңгеруші жанындағы кеңес

№5 хаттамасы

08.05.25ж

Қатысқандар: 7

Қатыспағаны :0

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. «8-наурыз», «Әз-наурыз» мерекелерін талқылау.
3. Табиғаттағы еңбектің жоспарлануы, ұйымдастырылуы.
4. Жазғы маусымға арналған іс-шараларды бекіту.

1. Б/б меңгерушісі: **Налибаева А** сөз сөйледі:

Тыңдалды:

Өткен кеңесте талқыланған мәселелердің барлығы өз нәтижелерін көрсетуде. Өткен кеңесте талқыланған көктем айындағы мерекелік іс-шаралар сценарилерімен танысып, бекітілгені барлығымызға мәлім. Көктемнің алғашқы айы Наурызда мерекелер өте көп тойланады. Алғыс айту күнімен басталған бұл айда 8-наурыз «аналар күні» мерекесі артынша созбай «ұлы әз наурыз» мерекесі келіп жетеді. Елімізде бұл мерекелер өте кеңінен тойланады, ерекше дайындық жүреді, мерекелік демалыстар беріледі. 8-наурыз «Аналар күні» мерекелік ертеңгіліктер 6-наурыз күні І-кіші «балапан» және ортаңғы «Балдырған» тобында өтеді. Ал ересек «Қарлығаш» тобында мерекелік ертеңгілік 7-наурыз күні тойланады. Осы ертеңгілік соңынан «көктем аруы -2025» - атты байқау өтеді. Балабақшамыздың педагоктары және мед бикесі бір-бір қызды алып тәлімгерлік жасайды. Сайысқа дайындайды. Яғни, байқау 4-сайыстан тұрады. Таныстыру, викториналық сұрақ-жауаптар өз өнерін көрсету, сән үлгісін көрсету. Осы байқауға дайындалып жүргендеріңізге он күндей болып қалады, сіздерге сәттілік тілеймін.

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі тұрақты өзгеріп тұрған әлемде табысты бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар жасайды. Қазіргі таңда адамзат қоғамына ғылыми жаңалықтар мен инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен оқыту саласын заман талабына сай дамыту соншалықты уақыт сұранысын қанағаттандыратын жаңа бағдарламалармен, технологиялармен қамтамасыз ету болып отыр. Ата-ана баласын балабақшаға әкелгенде үлкен ортаға үйренеді, бейімделеді, көзі ашылады деп үміттенеді. Ол - педагогтың

басты мақсатының бірі. Баланың ойлау және шығармашылық қабілетін дамыту, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, оқу, жазу, сызуға ойын арқылы үйрету басты назарында болатыны анық. Осыған байланысты еліміздің сеніп тапсыратын мәртебелі азаматты қалыптастыратын отбасы және мектепке дейінгі тәрбие мекемесінің қызметкерлері. Заман талабына сай білімді, мамандығының қырсырын игерген педагог-тәрбиешілерді даярлауда оқу-тәрбие ісін тәжірибемен үйлестіру, кәсіптік білім беруді жетілдіру, жаңа оқу жоспары, жаңа бағдарламаға сай курстар мен түрлі семинарлар өткізудің маңызы зор.

2. Көктем келіп , күн жылынып , мерекелер басталып кетті –деп сөзін жалғады б/б меңгерушісі А.Налибаева :

Алғыс айту күнімен басталған көктем мезгілінің мерекелік іс шаралары өз деңгейінде өтті деп ойлаймын. Бұл айда 8-наурыз «аналар күні» мерекесі артынша созбай «ұлы әз наурыз» мерекесі келіп жетіп, балалар ертеңгілікке тақырыпқа сай, зор дайындықпен келіпті. Елімізде бұл мерекелер өте кеңінен тойланады, ерекше дайындық жүреді, балабақшамыздың аталмыш мерекелік ертеңгіліктерін көріп, тамашалауға келшен ата аналар дән риза болып, алғыстарын білдіріп кетті.

Өз ойын білдіруші әдіскер: Р.Джунускулова

-Жалпы ертеңгіліктер өз деңгейінде өтті. Дайындықтар тыңғылықты жүргізілгені байқалады. Балалар өздерін еркін ұстады. Көпшілікке ұнады. Іс-шарада ойындар көбірек ұйымдастырылса жақсы болар еді. Жалпы ертеңгілікті ұйымдастырған педагогтарға айтарым фейзбук парақшасына осы ертеңгіліктер барысының суреттері мен видеоларын салыңыздар.

Өз ойын білдіруші педагог психолог : С.Налибаева:

«8-наурыз Аналар күніне арнап балалар ертеңгілік ұйымдастырды. Ертеңгілік кең ауқымды түрде өтті. Аналары жайында тақпақтар айтқан балалар ұстаздардың құрметіне де ән жолдады. Әр бала өз анасының қолынан ұстап тұрып «Анашым» әнін орындады . Ақжаулықты аналар мен сұлу қыздар құрметіне әдемі билер болды . Қысқа метражды көріністер қойылып , ұлдар мен қыздар монологтар оқыды. Көңілді ойындар ойналды. Соңынан балалар өз алақандарын сызып, қиып алып арасына жүрек бейнелеп , жапсырып ашық хат жасаған , сол ашық хаттың қасына бір шоқ гүлін қосып өз қолдарымен әсемдеп жасаған осы сыйлықтарын аналарына сыйлады.

3. Б/б әдіскері : Р.Джунускулова үшінші мәселе жөнінде сөз қозғады:

Қазіргі таңда адамзат ауасын жұтып, суын ішіп отырған табиғат Ананы қорғап, аялау барша жұртқа тіршілік қамы, табиғи қажеттілік. Сондықтан да бүлдіршіндерді айналадағы табиғи ортамен үнемі қарым – қатынаста болуға үйрету, олардың ұғымдарын қалыптастыру, табиғатқа деген жанашырлыққа

тәрбиелеу қазіргі балабақшадағы тәрбие ісінің өзекті тармақтарының бірі болып табылады. Баланың дүниеге келгеннен кейінгі алғашқы 7 жыл оны тәрбиелеу мен оқытудағы ең басты кезең болғандықтан оны ескерусіз өткізіп алуға болмайды. Баланың болашағы сол кезеңде алған тәрбиесіне өте байланысты. Тәрбиелеуші жақсы өнегені беруге неғұрлым қабілетті болса балада соғұрлым көбірек үйренеді. Баланың өміріндегі алғашқы қабылдаған қуанышты сәттер оның болашақтағы өміріне жағымды бағыт бере отырып, өмір бойы есінде қалады. Жаңа ғасырда табиғатсыз баланы тәрбиелеуді көз алдымызға елестете аламыз. Сондықтан да балабақшамыздағы тәрбие ісінің негізгі міндеттерінің бірі "Балаларды айналамен таныстыра отырып, оларға экологиялық тәрбие беру" болып табылады. Баланы өз туған өлкесінің табиғатын сүйуге, оны аялай білуге, оны қорғауға қызығушылығын арттырып, жауапкершілігін күшейтуге, табиғатпен бірге өмір сүретінін сезінуге үйрету мақсат. Табиғатты танып, білу мектепке дейінгі жастағы баланың бойында табиғатпен эстетикалық қарым қатынас жасаудың базасын құрайтын экологиялық тәрбиені бере отырып, сонымен бірге оны қорғай, аялай білуге үйретеді

Өз ойын білдірген тәрбиеші Уразбаева А:

Балабақшадағы тәрбие бағдарламасына сәйкес балаларды табиғатпен таныстыру барысында өзара байланысты білімділік және тәрбиелік міндеттер жүзеге асырылады. Балаларды табиғатпен таныстыру және шынайы қамқорлыққа алу жағдайында адамгершілік және эстетикалық тәрбие беру мақсатында өтіледі. Балабақшада балалардың өздері бақылап, бағып – баптап жүрген жануарлар мен өсімдіктердің болуы оларды қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға, еңбекке деген сүйіспеншілікке және соған дағдылануға үйретеді, сондай – ақ бала бойында бәртіндеп тапсырылған іске жауапкершілік сияқты қасиеттер де қалыптаса береді.

4. Б/б әдіскері: сөзін екінші мәселе бойынша жалғады:

Ол өз сөзінде балалардың жаз мезгіліндегі демалыстары жайында сөз қозғады.

-. Баланың дамуына алғаш күннен бастап көңіл бөлу қажет. Жаз мезгілі – балаларды сауықтырып және физикалық дамытуға бағытталған іс-шаралар жүйесі қолға алынатын маусымдық уақыт кезеңі. Жазғы кезеңде мектеп жасына дейінгі балалардың таза ауада болуы, уақытын тиімді пайдалануы – олардың денсаулығына оң ықпалын тигізе отырып, тұлғалық қабілетінің дамуына да әсер етеді. Яғни, бала тек қана ойынмен күнді жоспарламай, арнаулы шеберлігін шыңдауға бағытталған апталықтар мен сайыстарға қатыса отырып, өзінің жетістікке қабілеттілігін сезіну арқылы, белгілі деңгейде қалыптаса алады. Бұл уақыттағы біздің негізгі міндетіміз – өсіп келе жатқан ағзаның демалуға, шығармашылық белсенділікке және қозғалысқа деген қажеттілігін мүмкіндігінше толық қанағаттандыру. Сауықтыру, танымдық және ойын-сауық

сипатындағы іс-шаралардың нақты жоспарланған жүйесі балалардың физикалық және психикалық дамуының қажетті деңгейін қамтамасыз етуге көмектесуін қадағалай отырып ұйымдастырылады. Осы ұстанымды әдіскер ретінде басшылыққа ала отырып, балаларға берілетін әрбір тапсырма мен ойынның астарында оны өмірге дайындайтын шеберлікті қоса меңгертуге тырысамын. Мектеп жасына дейінгі балалардың жазғы уақытын тиімді өткізу өте маңызды, сондықтан күн сайын оларға жаңа нәрсені білуге, қызықты мазмұнға толы дүниені игертуді жоспарлай отырып, түрлі ойындар, серуендер, мерекелер мен ойын-сауықтар, қызықты эпизодтар туралы естеліктер дайындап, олардың уақытты көңілді өткізу міндетін өзіме жүктеймін.

Өз ойын білдірген тәрбиеші А.Ережепова:

Балабақшадағы тәрбиеленуші балалармен жазғы сауықтыру жұмыстарының сәтті өтуі көбінесе оқу-тәрбие процесінің барлық қатысушыларының оған қаншалықты сауатты және уақтылы дайындалғандығымен анықталады. Сауықтыру жұмыстарын жоспарлау кезінде мен тәрбиеші ретінде келесі қағидаларды ұстануды жөн санаймын: профилактикалық, шынықтыру және сауықтыру технологияларын кешенді пайдалану, шынықтыру және сауықтыру іс-шараларын үздіксіз жүргізу; қарапайым және қол жетімді технологияларды қолдану. Осындай жұмыс нәтижелері балалардың жаз мезгілін қызықты өткізулеріне көп көмегін тигізеді.

Шешім:

1. Өткен кеңестің шешімдері орындалуда.
2. 8-наурыз, «Аналар күні», «Өз-наурыз» мерекелері қанағаттанарлық деп есептелсін.
3. Табиғаттағы еңбектің жоспарлануы, ұйымдастырылуы туралы айтылған ой-пікірлер қанағаттанарлық деп есептеліп, осы процесстің дұрыс жүргізілуін педагогтар өз міндеттеріне алсын.
4. Жазғы маусымдық іс-шаралар мен демалыстар талапқа сай жүргізілуі ескертілді, бұйрыққа сүйеніп жұмыс атқару міндеті ескерілуі талап етіледі. Ата-аналар мен балабақша ұжымы тығыз байланыста болуы үнемі ескерілсін.

Жиналыс төрайымы
Хатшы:



Р.Джунускулова
А.Налибаева

Меңгеруші жанындағы кеңес

№6 хаттамасы

05.08.25ж

Қатысқандар: 7

Қатыспағаны :0

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Жаңа оқу жылына №1 педагогикалық кеңеске дайындық
3. Жөндеу жұмыстары жөнінде.

1. Б/б меңгерушісі м.у.а. А.Налибаева сөз сөйледі:

Тыңдалды:

Өткен кеңесте талқыланған мәселелердің барлығы өз нәтижелерін көрсетуде. Алғыс айту күнімен басталған көктем мезгілінің мерекелік іс шаралары өз деңгейінде өтті деп ойлаймын. Бұл айда 8-наурыз «аналар күні» мерекесі артынша созбай «ұлы әз наурыз» мерекесі келіп жетіп, балалар ертеңгілікке тақырыпқа сай, зор дайындықпен келіпті. Елімізде бұл мерекелер өте кеңінен тойланады, ерекше дайындық жүреді, балабақшамыздың аталмыш мерекелік ертеңгіліктерін көріп, тамашалауға келшен ата аналар дән риза болып, алғыстарын білдіріп кетті. Жалпы ертеңгіліктер өз деңгейінде өтті. Дайындықтар тыңғылықты жүргізілгені байқалады. Балалар өздерін еркін ұстады. Көпшілікке ұнады. Іс-шарада ойындар көбірек ұйымдастырылса жақсы болар еді. Жалпы ертеңгілікті ұйымдастырған педагогтарға айтарым фейзбук парақшасына осы ертеңгіліктер барысының суреттері мен видеоларын салыңыздар.

Балабақшадағы тәрбие бағдарламасына сәйкес балаларды табиғатпен таныстыру барысында өзара байланысты білімділік және тәрбиелік міндеттер жүзеге асырылады. Балаларды табиғатпен таныстыру және шынайы қамқорлыққа алу жағдайында адамгершілік және эстетикалық тәрбие беру мақсатында өтіледі. Балабақшада балалардың өздері бақылап, бағып – баптап жүрген жануарлар мен өсімдіктердің болуы оларды қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға, еңбекке деген сүйіспеншілікке және соған дағдылануға үйретеді, сондай – ақ бала бойында бәртіндеп тапсырылған іске жауапкершілік сияқты қасиеттер де қалыптаса береді. Жаз мезгілі – балаларды сауықтырып және физикалық дамытуға бағытталған іс-шаралар жүйесі қолға алынатын маусымдық уақыт кезеңі. Жазғы кезеңде мектеп жасына дейінгі балалардың таза ауада болуы, уақытын тиімді пайдалануы – олардың денсаулығына оң ықпалын

тигізе отырып, тұлғалық қабілетінің дамуына да әсер етеді. Жазғы маусымдық іс-шаралар мен демалыстар талапқа сай жүргізілуі ескертілді, бұйрыққа сүйеніп жұмыс атқару міндеті ескерілуі талап етіледі.

2. Б/б меңгерушісі А.Налибаева сөзін жалғады:

МКҚК №1 «Саят» бөбекжай балабақшасы **2024-2024** оқу жылына толық дайындықпен бірінші педагогикалық кеңесте бекітілген жылдық жоспарымен іске кірісті.

Балабақша қызметкерлері белгіленген кезекті демалыстарына шығып жұмыстарына уақытылы кірісті. Бүгінгі таңда тәрбиешілер жұмыс жоспарларын түзіп қажетті құжаттарын жаңа оқу жылына дайындап жүргізуде.

Бала балақшаға келгенде қоршаған ортасы талапқа сай болу керек,

Жақсы тәлім-тәрбие алуға ықпал жасау керек осының бәрін ескере отырып, балабақшаны жаңа оқу жылына дайындап қойдық. Балабақшаның ойын алаңындағы ойын құралдарын да жөндеуден өткізіп түрлі түстерге бойап қойдық.

Балабақшада үздіксіз жүріп жатқан оқу-тәрбие үрдісінде тәрбиешілердің еңбектеріне қажетті жағдайлар жасап, жетекшіміздің тірегі жас ұрпақты қоғамға қажетті азамат етіп тәрбиелей аламыз.

Мектепке дейінгі білім беру мен оқытудың мемлекеттік стандартына сай балаларды балабақшада және мектепалды даярлық топтарында тәрбиелеу мен оқытудың психологиялық – педагогикалық негізіне қойылатын талаптар жүйесі кіреді. Стандарт педагогикалық процесті ұйымдастыру ережесін береді.

Бұл стандарт тәрбиелеу мен оқыту мазмұнына қойылатын нормалар мен талаптар жүйесін белгілейді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнына қойылатын нормалар мен талаптар жүйесін белгілейді.

Б/б тәрбиешісі Қ.Усипбаева сөз алды:

Тәуелсіз Қазақстанның «Білім заңына» орай жаңа ұлттық білім үлгісі бойынша мектепке дейінгі баланың және басын тәрбиелеуде педагогикалық дамудың бұрыннан қалыптасқан әлеуметтік бағыттарын түбегейлі өзгертуге тура келеді.

Бұл жастағы балалардың бойында адамға тән жақсы қасиеттердің, өнегелі үлгілерін ойдағыдай қалыптастыру арқылы мектепке дайындау мектепке дейінгі мекемелердің негізгі міндеті.

Осыған орай топтарды талапқа сай жабдықтау қажет. Әр топтарда жас ерекшелігіне сай жабдықтау жұмыстары жүргізіледі.

Б/б әдіскері Р.Джунускулова

Жаңа оқу жылы басталайын деп отыр. Балабақшамызға жаңадан келген балалардың ата-аналарына баланың документтерін дайындап, алып келу тапсырылды. Яғни, аудандық білім бөлімінен сол балаға арнап жолдама әкеледі. Әр топ тәрбиешілері балалар тізімін жасап қояды.

3. Келесі мәселе Жазғы жөндеу жұмыстары жөнінде. Бұл тақырыпқа б/б меңгерушісі А.У.Налибаева тоқталды:

-Жалпы жыл сайын балабақшаның жөндеу жұмыстары көбіне жаз мезгілінде іске асырылып отырады. Жаз мезгілі сондай ыңғайлы кез болып табылады. Биыл да жөндеу жұмыстары алдағы жаз мезгілінде іске асырылмақ. Яғни, қазіргі кезден соған дайындық жүріп кетті. Балабақша ғимаратын ақтап, сырлау, қазан ошақтарын қайта жөндеуден өткізу, балалардың төсек әбзелдерін жаңарту, сөрелер мен шкафтарды жаңарту жұмыстары іске асырылады. Оған арнайы қаражат бөлініп, жауапты адамдар тағайындалып отыр. Осы жөндеу жұмыстарының тыңғылықты орындалып, тезірек аяқталуына балабақша қызметкерлерінің барлығының ат салысуын талап етемін. Өйткені зуылдаған уақыт, жұмыстардың орындалуы біршама созылып, жаңа оқу жылының басталуына кедергі келтірмеуі керек. Яғни, балабақшамыз балалардың жаңа оқу жылына уақытылы аяқ басуы тиіс.

Өз ойын білдіруші б/б шаруа меңгерушісі А. Ибрагимова:

-Биылғы жылғы атқарылатын жөндеу жұмыстарының жоспарын түзіп отырмыз. Балабақша шаруа меңгерушісі болғандықтан, жазғы жөндеу жұмыстарына басты жауапкер өзім болып табыламын. Жоғарыда меңгеруші атап өткен жұмыстар барлығы дерлік жоспарымызда бар. Сол жоспардағы жөндеу жұмыстары өз уақытында басталып, дұрыс орындалып, уақытылы аяқталуы үшін балабақша қызметкерлерінің қосар үлесі зор. Бәріміз бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, бірауыздан тапсырмаларды орындайық. Сіздердің қолдауларыңызбен жылдағыдай бәрі өз мерзімінен тез бітіп, көңіл толтырарлық дәрежеде өтеді де ойлаймын.

Шешім:

1. Өткен кеңестің шешімдері орындалуда.
2. Жаңа оқу жылына дайындық қанағаттанарлық деп есептелсін.
3. Жазғы уақытта жүргізілетін жөндеу жұмыстары түсіндірілді, тапсырмалардың орындалуы жіті қадағалансын.

Жиналыс төрайымы
Хатшы:



Р.Джунускулова
А.Налибаева